



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

25 шілде 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0021 ic

РЫСҚҰЛОВ РУСТАМ

Талап қоюшы

НҰРТАСОВА АРАЙҒА

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Томас Монтагю-Смит КС

БҰЙРЫҚ

1. АХҚО соты осы талап қоюға қатысты юрисдикцияға ие емес.
2. Талап арыз қабылданбады.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. 2022 жылғы 23 желтоқсанда мен Алматыда орналасқан "Grantly" ЖШС-ға қарсы, Талап қоюшы Рысқұлов мырзаның пайдасына шешім ("Шешім") шығардым. Шешім орындалған жоқ. Рысқұлов мырза атқару парағын алып, сот орындаушысына жүгінді, ол шешімді мәжбүрлеп орындату үшін әртүрлі қадамдар жасады, нәтижесінде олар сәтсіз болып шықты.
2. Нұртасова ханым "Grantly" ЖШС акционері және директоры болып табылады. Рысқұлов мырзаның айтуынша, ол компаниядан кетіп, қазіргі уақытта кәсіби қызметтер көрсетеді және жеке тұлға ретінде бизнес жүргізеді.
3. 2023 жылғы 19 маусымда Рысқұлов Мырза Нұртасова ханымға қарсы осы талап арызды берді. Ол оның Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен банкроттық заңнамасының кейбір ережелеріне сәйкес компанияның борыштылық міндеттемелері бойынша "субсидиарлық жауаптылықта" болады деп мәлімдейді.
4. Азаматтық кодекстің Рысқұлов мырза сүйенген нақты ережесі - 44-бап (3). Онда егер құрылтайшы немесе лауазымды тұлға компанияның "әдейі банкроттыққа" немесе "жалған банкроттыққа" ұшырауын туындатса, компанияның "құрылтайшысының" немесе "лауазымды тұлғасының" "субсидиарлық жауапкершілігі" қарастырылған.
5. 2023 жылғы 25 шілдеде өз ұсынымдары барысында Рысқұлов мырза Нұртасова ханым "Grantly" ЖШС-ның әдейі банкроттыққа ұшырауына себеп болды деп өзінің нақты мәлімдемейтінін түсіндірді. Оның пікірінше, ол Нұртасова ханым "Grantly" ЖШС-ға қатысты банкроттық процедураны шешім шығарылған сәттен бастап 6 ай ішінде бастауы тиіс еді деп мәлімдеді. Сайып келгенде, тыңдаулардың соңына қарай Нұртасова ханым "Grantly" ЖШС-ның борыштылық міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болуы тиіс деп Рысқұлов мырза нақты қандай құқықтық негізде мәлімдейтіні маған түсініксіз болды.

Тараптардың ұсынымдары

6. Мен екі тарапты да 2023 жылғы 25 шілдеде тыңдадым.
7. Тыңдаулар басталғанға дейін де, тыңдаулар барысында да мен Рысқұлов мырзадан АХҚО сотының юрисдикциясы бар деп оның қандай негізде мәлімдейтінін түсіндіруді сұрадым. Жауап ретінде Рысқұлов мырза АХҚО Конституциялық заңының 13(4)(3) бабына сілтеме жасады, онда былай делінген:

*"АХҚО соты мыналарға қатысты айрықша юрисдикцияға ие:
(3) тараптардың келісімі бойынша Орталықтың сотына берілген дауларды
қарау және шешу".*

8. Бұл ереже АХҚО сотының регламентінің 26(3) бабымен былайша түсіндіріледі:

*"Осы баптағы "тараптардың келісімі бойынша сотқа берілген" дегенге сілтеме
барлық тараптарға, соның ішінде АХҚО-да тіркелмеген тараптарға, олар дауға
дейін немесе одан кейін Соттың юрисдикциясына келіскен жағдайда,
қолданылады".*

9. Ол үшін тараптар дауды АХҚО соттарында қарауға болатындығы туралы уағдаласқан келісім қажет. Кейде мұндай келісімдер дау туындағаннан кейін барып жасалады. Алайда, юрисдикцияға қатысты келісімдер көбінесе алдын-ала жасалады және юрисдикцияға қатысты келісім бар келісімшарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық дауларды қамтиды.
10. Осы істе Рысқұлов мырза "Grantly" ЖШС-мен жасасқан келісімшарттағы юрисдикция бар екендігі туралы келісімге сүйенеді. Мен шешімде көрсеткенімдей, бұл келісімшартта юрисдикцияның болуы туралы келісім АХҚО соттарының пайдасына болған. Рысқұлов мырзаның позициясы осы талап арыз бұл келісімнің талаптарына сәйкес келгендігінде болып табылады. Бұл Нұртасова ханымның "Grantly" ЖШС атынан келісімшартқа қол қойғандығымен түсіндіріледі. Бұдан әрі Рысқұлов мырза талапты Нұртасова ханымның жеке басына емес, оның мәртебесі мен "Grantly" ЖШС-мен байланысы нәтижесінде қойып отырғанын мәлімдеді.
11. Рысқұлов мырзаның пікірінше, Нұртасова ханымға іс жүзінде "Grantly" ЖШС мүдделерінен бас тартуға, оның борыштылық міндеттемелерін елемеге, бірақ бизнесті жеке тұлға ретінде өз бетінше жалғастыруға мүмкіндік беру әділетсіз болар еді. Ол сот шешімдері олар орындалуы мүмкін болған жағдайда ғана құнды болады деп көз жеткізе мәлімдеді. Рысқұлов мырза қазіргі уақытта Қазақстанда тұрмайды және оның айтуынша, Алматы қаласының азаматтық соттарында "Grantly" ЖШС-ның банкроттығы туралы іске бастамашылық етілген жағдайда ол үшін практикалық проблемалар туындайды, онда, оның айтуынша, уақытты қажет ететін елеулі "бюрократия" туындайды.
12. Өз тарапынан Нұртасова ханым АХҚО сотының юрисдикциясы жоқ екенін мәлімдеді. Ол Рысқұлов мырзамен келісімшартқа жеке өзі қол қоймаған.
13. Сот шешімі бөлігінде Нұртасова ханым оған қатысты да, "Grantly" ЖШС-ға қатысты да мәжбүрлеп орындату шаралары елеулі түрде қолданылғанын атап өтті. "Grantly" ЖШС шоттары бұғатталды, қазіргі уақытта Нұртасова ханымның шетелге шығуға құқығы жоқ. Ол бұл мәселенің шешімін тапқысы келеді. Алайда, оған "Grantly" ЖШС-ның борыштылық міндеттемелері бойынша жауапкершілік жүктеле салынғанын ол әділетсіз деп санайды.
14. Кезеңдердің бірінде Нұртасова ханым шешімге әкелген талқылаудың барысында "Grantly" ЖШС-ның мүдделерін қорғай алмағанын, өткені іс бойынша құжаттар оның жеке электрондық

пошта мекенжайына жіберілгендіктен, оларды көрмегенін айтты. Ол сондай-ақ Рысқұлов мырзаға 35000 АҚШ доллары тиесілі деп санамағанын мәлімдеді. Рысқұлов мырза Нұртасова ханымның бұл іс туралы білмегенін даулап отыр. Алайда, бұл ештеңені өзгертпейді. Нұртасова ханым Сот шешімі туралы оған 2022 жылғы желтоқсанда шешім шыққаннан бері белгілі екенін және оның күшін жою туралы өтініш бермегенін растады. Істің мән-жайын ескере отырып, шешім бойынша қарыз 35000 АҚШ долларын құрайды.

Шешім

15. Менің ойымша, Рысқұлов мырза сілтеме жасап отырған ережеге сәйкес АХҚО соты юрисдикцияға ие емес екені әбден айқын. Конституциялық заңның 13(4)(3) бабы бойынша, қаралып отырған дау, қорытындысында, АХҚО сотында қаралуы тиістігі туралы талқылау тараптарының арасында келісімнің болуы талап етіледі. Рысқұлов мырзаның мәлімдемесіне қарамастан, бұл істе Нұртасова ханымның жеке өз басына қойылған талап арыз туралы сөз болып отыр. Қалай болғанда да, талап бойынша тараптар Рысқұлов мырза мен Нұртасова ханым болып табылады. Рысқұлов мырза оның Нұртасова ханыммен жасақан ешқандай келісімшарты жоқтығын мойындайды. Мұндай мән-жайларда юрисдикцияның Рысқұлов мырза сілтеме жасаған негізі қанағаттандырылмайды.
16. Рысқұлов мырза да, мен де Сот осы талап арызға қатысты юрисдикцияны жүзеге асыра алатын басқа негіздерді атай алмадық. Қалыптасқан мән-жайларда мен Сот юрисдикцияға ие емес деп санаймын.
17. Мен Рысқұлов мырзаның позициясына әлдебір түсіністікпен қараймын. Оның сот шешімдері олар орындалған жағдайда ғана құнды деуі дұрыс. Алайда, компанияның директорлары немесе акционерлері компанияның борыштылық міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болатын жалпы ереже жоқ. Жалпы ереже керісіншеде болып табылады. Бұл жалпы ережеден ерекшеліктер бар. Бұл қандай ерекшеліктер және нақты жағдайларда олардың қаншалықты негізделгені тиісті сотта шешілетін болады. Менің көзқарасым бойынша, бұл, сірә, "Grantly" ЖШС орналасқан және Нұртасова ханым тұратын Алматы қаласындағы азаматтық істер жөніндегі соттар болады.
18. Мен атап өткенімдей, Сот шешімін орындау үшін қабылданған шаралардың нәтижесіндегі кейбір салыстырмалы түрде ауыртпалықты шектеулер Нұртасова ханымға әлі де қолданылады. Тыңдауларда айтылғандай, істі соңына дейін жеткізуге тырысу оның мүддесінде болып табылады. Бұл "Grantly" ЖШС-ның банкроттығы жөнінде шаралар қабылдау жолымен істеле ме, оның қарыздарының бір бөлігін немесе барлығын өз бетінше немесе өзге де тәсілдермен өтеу жолымен жасала ма - бұл оның қалауында қалатын мәселе.
19. Алайда, мұның бәрі осы талап арызды қарау үшін бұл Соттың юрисдикциясы жоқ деген қорытындыны өзгертпейді.



Сот қабылдады,

Томас Монтагю-Смит КС,
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшы өз мүдделерін өзі білдірді.

Жауапкер өз мүдделерін өзі білдірді.